

2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 20 сәуірдегі № 109 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 мамырда № 5824 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 7 қыркүйектегі № 197 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 07.09.2017 № 197 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Сырдария ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. "Сырдария аудандық білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Сырдария ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Қазантаев

Сырдария ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 21 сәуірдегі
№ 109 қаулысына қосымша

Сырдария ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны					Мектепке дейінгі ұйымдарда қағ мөлшері		
		Бала бақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар	Бала бақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мек жаны күндік шағын
1	Сырдария ауданы	480	275	0	0	0	24240	18371	0

Кестенің жалғасы

Мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)				
Бала бақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
Алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес	Он еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес	0	0	0